

ӘӨЖ 327

## ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАРДЫҢ РӨЛІ: ЖАҢА МІНДЕТТЕР МЕН МҮМКІНДІКТЕР

**ЖАҚСЫБАЕВА АЙНҰР БОЛАТҚЫЗЫ**

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Тарих және құқық факультеті,  
Саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасы,  
«Саясаттану» білім беру бағдарламасының 1-ші курс магистранты

Ғылыми жетекшілері – **Ж.К. СИМТИКОВ, Б.А. ТІЛЕП**  
Алматы қ., Қазақстан

---

**Аннотация:** Мақалада жаһандану жағдайында халықаралық ұйымдардың рөліне және олардың жаңа міндеттері мен мүмкіндіктеріне жан-жақты талдау жасалады. Жаһанданудың халықаралық қатынастар жүйесіне тигізген ықпалы, халықаралық ұйымдардың құрылымдық және стратегиялық трансформациясы қарастырылады. Сонымен қатар, Қазақстанның жаһандық үдерістердегі рөлі мен халықаралық ұйымдармен ынтымақтастығының негізгі бағыттары зерттелген. БҰҰ, ЕАЭО, ШЫҰ және Ислам Ынтымақтастық Ұйымы аясында Қазақстанның бастамалары мен олардың жаһандық тұрақтылық пен ынтымақтастықты нығайтудағы маңызы көрсетілген. Цифрлық технологияларды енгізу, экологиялық мәселелерді шешу және көпжақты дипломатияны дамыту арқылы жаһандық мәселелерді шешудегі Қазақстанның стратегиялық ұстанымына ерекше көңіл бөлінген. Зерттеу нәтижелері халықаралық ұйымдардың тиімділігін арттыру жолдарын анықтап, Қазақстанның жаһандану жағдайындағы болашақ перспективаларын айқындайды.

**Кілт сөздер:** Жаһандану, халықаралық ұйымдар, Қазақстан, БҰҰ, ЕАЭО, ШЫҰ, Ислам Ынтымақтастық Ұйымы, экологиялық саясат, жаһандық қауіпсіздік, цифрлық технологиялар, көпжақты дипломатия, экономикалық интеграция, тұрақты даму.

---

Жаһандану — әлемдік экономикалық, саяси және мәдени жүйелерді өзара тығыз байланыстырушы негізгі процесс. Бұл құбылыс халықаралық ұйымдардың қызметіне тікелей әсер етуде, себебі жаһандану дәуірінде ұлттық шекаралардың рөлі азайып, трансшекаралық мәселелер алдыңғы орынға шығады [1]. Халықаралық ұйымдар осындай сын-қатерлерге жауап беру үшін өздерінің дәстүрлі рөлдерін қайта қарастыруға мәжбүр. Экологиялық дағдарыс, жаһандық денсаулық сақтау, халықаралық қауіпсіздік, экономикалық тұрақтылық сияқты проблемалар ұлттық деңгейде шешілуі мүмкін емес және халықаралық ынтымақтастықты талап етеді. Сондықтан, бұл тақырып қазіргі заманның өзекті мәселелерін түсіну үшін маңызды.

Бүгінгі таңда халықаралық ұйымдар мемлекеттердің ынтымақтастық механизмдерінің негізгі құралдары болып табылады. Дегенмен, жаһанданудың ықпалымен бұл ұйымдар жаңа міндеттер мен сын-қатерлерге тап болып отыр. Экономикалық интеграцияның өсуі мен сауда қатынастарындағы жаһандық теңсіздік, халықаралық қауіпсіздікке жаңа қауіптердің пайда болуы (мысалы, кибершабуылдар және трансұлттық терроризм), климаттық өзгерістерге қарсы күресте тиімді шешімдер қабылдау қажеттілігі, сондай-ақ жаһандық денсаулық сақтау дағдарыстарының (COVID-19 сияқты) күшеюі — осылардың барлығы халықаралық ұйымдардың қызметіне үлкен әсер етуде. Осы мәселелерді зерттеу халықаралық ұйымдардың рөлін, тиімділігін және олардың болашақта қандай бағытта даму керектігін анықтауға көмектеседі.

Зерттеудің мақсаты халықаралық ұйымдардың жаһандану жағдайындағы жаңа рөлін, міндеттерін және мүмкіндіктерін талдау болып табылады. Осы мақсатқа жету үшін

жаһанданудың халықаралық ұйымдардың құрылымдары мен стратегияларына әсерін зерттеу, жаңа міндеттерді анықтау (экономикалық, экологиялық, қауіпсіздік және т.б.) және халықаралық ынтымақтастықтың тиімділігін арттыруға бағытталған ұсыныстар әзірлеу міндеттері қойылады.

Бұл зерттеу жаһандану жағдайындағы халықаралық ұйымдардың қызметінің өзгерістерін жан-жақты түсінуге және олардың жаһандық проблемаларды шешудегі ықпалын талдауға бағытталған.

Экономикалық жаһандану әлемдік нарықтардың интеграциясымен, трансұлттық корпорациялардың рөлімен және халықаралық сауданың өсуімен байланысты. Саяси жаһандану мемлекеттердің халықаралық ұйымдар арқылы ортақ мәселелерді шешу үшін өзара әрекеттесуін күшейтеді. Мәдени жаһандану ақпарат алмасудың жеделдеуі мен мәдени ықпалдасуды арттырса, технологиялық жаһандану цифрлық технологиялардың дамуы арқылы әлемнің кез келген нүктесінде байланыс орнатуға мүмкіндік береді.

Халықаралық ұйымдардың жаһанданудағы рөлі ерекше. БҰҰ, Дүниежүзілік сауда ұйымы (ДСҰ), Халықаралық валюта қоры (ХВҚ), НАТО және Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДҰ) сияқты ұйымдар жаһандық сын-қатерлерді шешуде маңызды құралдар болып табылады. Мысалы, БҰҰ жаһандық қауіпсіздік пен бейбітшілікті сақтау мәселелеріне баса назар аударады. ДСҰ халықаралық сауда ережелерін реттесе, ХВҚ экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін қаржылық саясаттарды үйлестіреді. НАТО халықаралық қауіпсіздікке ықпал етеді, ал ДДҰ жаһандық денсаулық сақтау мәселелеріне жауап береді. Бұл ұйымдар жаһандану үдерісін реттеу мен басқаруда басты орын алады [2].

Дегенмен, жаһандану халықаралық ұйымдардың қызметінде жаңа өзгерістер мен міндеттер туындатады. Мемлекетаралық қарым-қатынастарда бұл ұйымдардың рөлі күшейіп, трансұлттық проблемаларды шешуге ерекше мән берілуде. Мысалы, климаттық өзгерістерге қарсы шараларды үйлестіру, пандемиялармен күрес, цифрлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және халықаралық экономикалық тұрақтылықты сақтау мәселелері қазіргі заманның негізгі басымдықтары ретінде қарастырылады. Сонымен қатар, ұлттық және халықаралық деңгейдегі жаңа сын-қатерлер халықаралық ұйымдардың тиімділігін арттыру үшін олардың құрылымдары мен стратегияларын қайта қарастыру қажеттілігін туындатып отыр.

Осылайша, жаһандану халықаралық ұйымдарға өз ықпалын тигізіп, олардың дәстүрлі міндеттерімен қатар, жаңа функцияларды орындауын талап етеді. Бұл өзгерістер халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға және жаһандық сын-қатерлерді шешудегі тиімділікті арттыруға мүмкіндік береді.

Жаһандану жағдайында халықаралық ұйымдар бұрынғы міндеттерін қайта қарастырып, жаңа сын-қатерлерге бейімделуі қажет. Бұл өзгерістер қауіпсіздік, экономика, экология және денсаулық сақтау сияқты маңызды салаларда көрініс табады.

Халықаралық ұйымдардың қауіпсіздік саласындағы рөлі аймақтық қақтығыстарды шешу мен халықаралық тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған. Жаһандану жаңа қауіп-қатерлерді, әсіресе трансұлттық сипаттағы терроризм мен кибершабуылдарды туындатады. Сол себепті НАТО және БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі сияқты ұйымдар терроризмге қарсы күрестің жаһандық стратегияларын әзірлеуді жалғастыруда. Сонымен қатар, киберқауіпсіздік саласындағы халықаралық ынтымақтастық цифрлық кеңістіктегі қауіптерге қарсы тұру үшін маңызды болып отыр.

Экономикалық жаһандану халықаралық ұйымдарға жаңа міндеттер жүктеуде. Дүниежүзілік сауда ұйымы (ДСҰ) әлемдік нарықтардағы сауда ережелерін реттеп, әділдік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуге тырысуда. Халықаралық валюта қоры (ХВҚ) және Дүниежүзілік банк сияқты ұйымдар кедейлік деңгейін төмендету мен экономикалық теңсіздікті азайту бағытында жұмыс істеуде. Глобалды экономикалық интеграция ұлттық экономикаларды тәуелді ете түсуде, сондықтан халықаралық ұйымдар экономикалық тұрақтылықты сақтау үшін үйлестірілген

шаралар қабылдауға мәжбүр [3].

Экологиялық жаһандану жаһандық күн тәртібіндегі ең маңызды мәселелердің біріне айналды. Климаттың өзгеруі және оның салдары халықаралық ынтымақтастықты талап етеді. Париж келісімі сияқты бастамалар климаттық өзгерістерге қарсы күресте халықаралық ұйымдардың рөлін көрсетеді. Сонымен қатар, БҰҰ және басқа ұйымдар табиғи ресурстарды сақтау, экологиялық дағдарыстарды алдын алу және тұрақты даму мақсаттарын іске асыру бойынша белсенді жұмыс атқаруда.

COVID-19 пандемиясы жаһандану жағдайында халықаралық денсаулық сақтау жүйесінің осалдығын көрсетті. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДҰ) денсаулық сақтау саласындағы үйлестіруші рөлін нығайтуда. Бұл ұйым вакциналарды әділ бөлісті қамтамасыз ету, болашақта осындай пандемияларға дайындық деңгейін арттыру және жаһандық денсаулық сақтау жүйелерін нығайту бойынша маңызды міндеттер атқарады. Сонымен қатар, денсаулық сақтау саласындағы басқа да жаһандық мәселелер, мысалы, жұқпалы ауруларды бақылау және медициналық ресурстарды әділ тарату, халықаралық ұйымдардың күн тәртібінде тұр.

Халықаралық ұйымдардың жаңа міндеттері жаһандық мәселелердің сипатына бейімделуге және тиімді әрекет етуге бағытталған. Қауіпсіздік, экономика, экология және денсаулық сақтау салаларындағы бұл міндеттер жаһанданудың жаңа талаптарына жауап беруді қамтамасыз етіп, халықаралық ынтымақтастықты одан әрі дамытуға ықпал етеді.

Кесте 1- Халықаралық ұйымдардың мүмкіндіктері

Мүмкіндік	Мысалдары	Артықшылықтары	Мәселелері
Халықаралық ынтымақтастықты нығайту	Экология, денсаулық сақтау, жаһандық қауіпсіздік салаларындағы бірлескен жобалар	Траншекаралық мәселелерді тиімді шешуге мүмкіндік береді	Ұлттық мүдделердің қайшылығы ынтымақтастықты қиындатуы мүмкін
Жаңа технологияларды қолдану	Онлайн кеңестер, деректер алмасу, процестерді цифрландыру	Жұмыс процесін жылдамдатады және ұйым тиімділігін арттырады	Технологияны енгізудегі қаржылық және техникалық кедергілер
Көпжақты дипломатияның дамуы	Халықаралық келісімдерді әзірлеу, дау-дамайларды дипломатиялық реттеу	Ұйымдар арасында ынтымақтастық пен сенімді нығайтады	Көпжақты шешім қабылдауда қатысушылардың келісімге келуі қиын

Қазақстан жаһандану жағдайында халықаралық ұйымдармен тығыз ынтымақтастық орнатып, олардың жұмысына белсенді қатысып келеді. Ел БҰҰ, Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО), Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ШЫҰ), Ислам Ұнтымақтастық Ұйымы (ИЫҰ) сияқты ұйымдардың беделді мүшесі ретінде танылған. БҰҰ аясында Қазақстан бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету бастамаларын қолдап, ядролық қарудан азат аймақ құру және тұрақты даму мақсаттарын іске асыру бағытындағы жобаларда жетекші рөл атқаруда. Қазақстан ядролық қаруды таратпау бойынша әлемдік көшбасшылардың бірі ретінде танылып, Семей полигонын жабу және Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттік (МАГАТЭ) шеңберінде ядролық отын банкін құру сияқты тарихи бастамалар көтерді. Сонымен қатар, БҰҰ Бас

Ассамблеясының мінберінде Арал теңізінің экологиялық мәселелері сияқты маңызды тақырыптарды көтеруі жаһандық экологиялық саясатқа Қазақстанның қосқан үлесін көрсетеді [4].

ЕАЭО шеңберінде Қазақстан экономикалық интеграцияның аймақтық платформасында еркін сауда, кедендік ынтымақтастық және экономикалық ресурстарға қолжетімділік сияқты артықшылықтарға ие. Елдің экономикалық әлеуетін нығайту үшін ЕАЭО аясында трансшекаралық инфрақұрылымдық жобалар жүзеге асырылып, халықаралық көлік дәліздері дамытылуда. Бұл Қазақстанды Еуразия континентіндегі транзиттік орталыққа айналдыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, ШЫҰ аясында Қазақстан қауіпсіздік, сауда және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған жұмысты белсенді түрде жүзеге асыруда. Ұйымның құрылтайшы мүшесі ретінде Қазақстан терроризмге, есірткі тасымалына және трансшекаралық қылмысқа қарсы күрес мәселелерінде маңызды рөл атқаруда. Сонымен бірге, ШЫҰ аясындағы көпжақты жобалар экономикалық серіктестікті кеңейтуге ықпал етеді.

Ислам Ынтымақтастық Ұйымында Қазақстан ислам әлеміндегі бейбітшілік пен бірлікті нығайтуға бағытталған бастамаларды көтеруде маңызды рөл атқарады. Қазақстанның ислам елдері арасындағы диалогты күшейту мақсатында ұйымдастырған Астана саммиттері мен гуманитарлық бастамалары Ислам ынтымақтастығын жаңа деңгейге көтеруге септігін тигізуде. Сонымен қатар, елдің ИЫҰ-ға төрағалық ету кезеңінде инновацияларды дамыту және ғылым саласындағы ынтымақтастықты күшейтуге арналған стратегиялық құжаттар қабылданды.

Елдің жаһандық саясаттағы белсенділігін арттыру үшін бірқатар мүмкіндіктер бар. Қазақстан өзінің геостратегиялық орналасуын тиімді пайдаланып, Еуропа мен Азия арасындағы көпір рөлін атқара алады. Бұл позиция елдің жаһандық логистикалық және сауда жүйелерінде маңыздылығын арттырады. Сонымен қатар, ел халықаралық деңгейде бастамашылдық көрсетіп, жаһандық қауіпсіздік, тұрақты даму және экология мәселелерін шешуде өз позициясын нығайта алады. Мысалы, Қазақстан «Жасыл экономика» моделін насихаттап, экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету бағытында халықаралық серіктестермен бірлескен жобаларды жүзеге асыруда.

Бұл бағытта халықаралық аренада бейтарап және сенімді серіктес мәртебесін сақтай отырып, көпжақты дипломатияның тиімді құралдарын қолдану маңызды. Қазақстан «G-Global» бастамасын іске қосу арқылы жаһандық экономикалық мәселелерді шешуге арналған ашық платформаларды дамытуда. Сонымен бірге, цифрлық технологияларды дамыту арқылы халықаралық ұйымдармен өзара әрекеттесуді жеделдетіп, жаһандық мәселелерді шешуде өзінің ықпалын күшейте алады. Электрондық үкімет жүйесін жетілдіру және цифрлық инфрақұрылымды дамыту бұл процестерді қолдаудың тиімді құралдары болмақ. Бұл қадамдар елдің халықаралық аренадағы беделін арттыруға және жаһандану жағдайында өзіндік орнын нығайтуға мүмкіндік береді. Қазақстанның осындай белсенді ұстанымы болашақта оның жаһандық саясаттағы стратегиялық рөлін одан әрі нығайта түспек [5].

Жаһандану халықаралық ұйымдардың құрылымы мен қызметіне елеулі өзгерістер енгізіп, олардың жаңа міндеттер мен мүмкіндіктерге бейімделуін талап етті. Мемлекетаралық ынтымақтастықтың күшеюі, трансшекаралық мәселелердің көбеюі және ғаламдық қауіптерге шұғыл әрекет ету қажеттілігі халықаралық ұйымдардың рөлін бұрынғыдан да маңызды ете түсті. Экономикалық, экологиялық, денсаулық сақтау және қауіпсіздік салаларындағы жаһандық мәселелер бұл ұйымдарды өз стратегияларын қайта қарап, тиімдірек шешімдер қабылдауға итермелейді.

Жаңа міндеттерді шешу үшін бірқатар ұсыныстар жасауға болады. Біріншіден, халықаралық ұйымдар мүдделі тараптармен, әсіресе ұлттық үкіметтермен және үкіметтік емес ұйымдармен тығыз ынтымақтастық орнатуы қажет. Бұл ынтымақтастық трансшекаралық мәселелерді шешуде

тиімділікті арттырады. Екіншіден, цифрлық технологияларды белсенді қолдану арқылы деректерді талдау, ақпарат алмасу және шешім қабылдау процестерін жеделдетуге болады. Үшіншіден, көпжақты дипломатияны нығайту, яғни барлық тараптардың мүдделерін ескеретін ұжымдық шешімдер қабылдау — тұрақты даму мақсаттарына жетудің маңызды құралы. Сонымен қатар, халықаралық ұйымдар өз қызметтерін қаржылық және кадрлық тұрғыдан күшейтуі қажет, бұл олардың тиімділігін арттырады.

Жаһандану жағдайында халықаралық ұйымдардың маңызы орасан зор. Олар жаһандық мәселелерді шешуде көпжақты ынтымақтастықтың негізгі қозғаушы күшіне айналды. Бұл ұйымдар тек үйлестіруші ғана емес, сонымен қатар әлемдік қауымдастықтың тұрақтылығы мен дамуын қамтамасыз етуші институттар ретінде әрекет етеді. Сол себепті, олардың жаһандық қауіп-қатерлерге қарсы әрекет ету және тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу жолындағы рөлі тек арта бермек. Осылайша, халықаралық ұйымдар адамзаттың болашағына жауапкершілікпен қарай отырып, жаһандық деңгейде тиімді басқаруды қамтамасыз етуі тиіс.

### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:**

1. Жұмабаева, А. Әлемдегі демографияның мемлекеттік-құқықтық реттелу мәселелері / А. Жұмабаева // Ғылыми-редакциялық кеңес. – 2019. – №2. – Б. 118–125.
2. Қабылтаева, С.К., Мұратбекқызы, Б. Тәуелсіз Қазақстан жаһандану процестерінің ағынында / С.К. Қабылтаева, Б. Мұратбекқызы // Вестник ЕНУ. – 2021. – №4. – Б. 45–52.
3. Аширбекова, А. Жаһандану жағдайындағы овертон терезесі: Қазақстан мысалында / А. Аширбекова // Ғылыми мақалалар жинағы. – 2021. – №3. – Б. 36–42.
4. Исмагулов, Н., Чукубаев, Е. Алматы әлемдік саясаттың акторы ретінде / Н. Исмагулов, Е. Чукубаев // Қоғам және дәуір. – 2023. – №2. – Б. 67–75.
5. Сансызбаева, А.Б. Жаһандану жағдайындағы экономикалық интеграция үдерістерінің әлемдік тәжірибесі / А.Б. Сансызбаева // Global Science and Innovations: Central Asia. – 2021. – Т. 3. – №2. – Б. 78–85.